



СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУ ЖӘНЕ РЕФЛЕКСИЯ: ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ; ОЙЛАУ ЖӘНЕ ОЙЛАУ ТҮРЛЕРІ

Dr. Meyirbek TUYEBAYEV*

АННОТАЦИЯ

Мақалада соңғы жылдары Қазақстанның жалпы білім беру мектептерінде және ЖОО да қолданыста жүрген “сын тұрғысынан ойлау”, “шығармашылық ойлау” және “рефлексия” ойлау түрлеріне түсініктер беріліп, олардың бір – бірінен ұқсастықтары мен айырмашылықтары мысалдар келтіру арқылы қарастырылады. Авторлар бұған дейінгі Д.Халперен, Д.Клустер, Эдвард де Боне, Дж.Дьюи сияқты атақты ғалымдардың еңбектеріне талдау жасай отырып өз көзқарастарын, өз версиясын ұсынады. Жоғарыда келтірілген авторлардың еңбектерінен бұл статьяның айырмашылығы сын тұрғысынан ойлауға ойлаудың “синергиялық” және “бисоциативті” түрлерін жатқызуы және олардың танымдық деңгейлеріне тоқталынуы. Мақаланың өзектілігі бұл терминдер қазіргі уақытта оқу орындарында қолданыста болғанымен, мұғалімдер үшін тәжірибеде пайдаланып дағыланбаған терминдер. Бұл терминдер қазіргі уақытта оқу орындарында қолданыста болғанымен, олардың тереңнен астарласып жатқан мағанасын түсіну үшін, философиялық мағанасын түсініп алуды ұсынады. Бұл терминдердің ұқсастықтары даму үшін, ілгерілеу үшін жасалынатын өзіндік ойтолғау. Рефлексия - сын тұрғысынан ойлау мен шығармашылық ойлау дағдыларының дамуына белсенді түре мүмкіндік жасайтындығы айтылады. Авторлар осы үш түрлі ойлаудың айырмашылықтарына терең үңілген сайын бұл ойлардың бір – бірімен тереңнен астарласып жатқанынын және түбі бір – “ойлау” екендігіне тағы да дәлелдей түседі.

Кілтті сөздер: сын тұрғысынан ойлау, шығармашылық ойлау, рефлексия, ойлау, ойлау түрлері.

ELEŞTİREL DÜŞÜNME, YARATICI DÜŞÜNME VE YANSIMA: BENZERLİKLER VE FARKLILIKLAR; DÜŞÜNME VE DÜŞÜNCE ÇEŞİTLERİ

ÖZ

Makalede, son yıllarda genel eğitim okulları ve üniversitelerde uygulamada olan "eleştirel düşünme", "yaratıcı düşünme" ve "yansıma" düşünme türlerine açıklama verilip, onların birbirlerinden benzerlik ve farklılıkları örnekler verilerek araştırılmıştır. Yazar bundan önce araştırma yapan D.Xalperen, D.Kluster, Edward De Bone ve Dj.Dyui gibi ünlü ilim adamların makalelerini analiz ederek kendi düşüncelerini ve örneklerini sunmaktadır. Makalenin önemli tarafların birisi, söz edilen terimler ders kitaplarında yer alsada, pratikte öğretmenler tarafında pek kullanılmayan bir terimlerdir.

Makalede bu terimler ders kitaplarda yer alsada bile, tam anlamını anlayabilmek için önce felsefeliğin anlamının anlaşılması gerektiği sunulmaktadır. Yansıma – bu Eleştirel düşünme ile Yaratıcı düşünme olanaklarının gelişmesine aktif türde imkan sağlayacağı söylenmektedir. Yazarlar bu üç türlü düşünmenin farklılıklarına derin vararak bu düşüncelerin bir biriyle derinden bağlanmış olduğu ve dibi bir yani “Düşünme” olduğuna daha bir defa ispatlamaktadır.

Anahtar Kelimeler: Eleştirel düşünme, yaratıcı düşünme, yansıma, düşünme, düşünme türleri.

* Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, Pedagoji Bölümü, meirbek.tuyebayev@mail.ru

Егемендік алған жылдардан бастап еліміздің оқу жүйесіне енген мектеп оқушыларының ЖОО түсу үшін тапсыратын ҰБТ жүйесі оқушылардың ойлау қабілетін төмендетіп оны есте сақтаумен ауыстырып жіберді. Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер – экономикалық, саяси және геосаяси тұрақсыздық, сонымен қатар жаңа технологиялардың шапшаң дамуы мен ақпараттардың шамадан тыс көптігі, айналамыздағы бұрын – соңды болмаған жылдамдықпен орын алып жатқан басқа да өзгерістер барлық оқушылардан “есте сақтауды” ғана емес, “ойлау немесе ойтолғау (мышление)” қабілеттерін дамытуды талап етіп отыр. Өте жылдам өзгеріп жатқан әлемнен шеттеп қалмау үшін, ойлау қабілеті жоғары және өз бетінше тәуекелге барып шешім қабылдай алатын бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау барлық елдердегі оқу орындарының өзекті проблемасына айналды. Ойлауды қажет етпейдін өмір сүру сферасын табу мүмкін де емес. Ойлау – бұрын игерген білімімізді пайдалана отырып жаңа білім құру үшін қажет, яғни ойлау арқылы біз барлық уақытта бұрынғы біреудің құрған біліміне сүйене отырып, жаңа білім құрамыз. Сондықтан да ойлау оқу процессінің негізгі бөлігінің бірі болып қалмақ. Өкініше орай, көпшілігімізге қалай нәтижелі ойлау керек екендігін ешкім үйретпеді. Біздің оқу орындарымыз студенттерден жаттап алуды, есте сақтауды, фактлерге анализ жасауды, есептерді шығаруды талап етті, бірақ оны қалай жасау керектігі туралы ойлауды білім алушыларға жеткілікті түрде түсіндірмеді.

Біз бұдан бұрын да сын тұрғысынан ойлау туралы жағанбыз (Madeev, Туебаев, 2013: 155; Туебаев, 2015: 56). Бірінші статьяда біз “қарама - қайшылық” пен “сын тұрғысынан ойлауды” салыстыра келіп, осы екі ұғымның бір – бірімен астарласып жатқанына тоқталсақ, екінші статьяда сын тұрғысынан ойлау мен рефлексияның ұқсастықтары мен айырмашылықтарын қарастырғанбыз. Біздің бұл статьяда қарастыратын мәселеміз соңғы 3-4 жыл төңрегінде ғана біздің оқу орындарымызда жиі қолданып жүрген “сын тұрғысынан ойлау (кейде сыни ойлау деп те аталады)” және оның ойлаудың басқа түрлері – “шығармашылық ойлау” мен “рефлексиядан” айырмашылықтары мен ұқсастықтары туралы болмақ. Ойлаудың осы аталған үш түрінде ортақ қасиеттер өте көп. Мысалы, үшеуі де дербес және жеке өзіндік ойлау, үшеуі де жаңашыл яғни қойылған сұраққа тың, жаңа, бұрынғыны қайталамайтын жауап іздейді. Әрине авторлар бұл статьяда өте күрделі осы мәселелерді толық шешілді деп қарастырмайды. Статьяны өзекті және күрделі проблемалар туралы авторлардың өз версиясы деп қарастырған жөн.

Көптеген басылымдардағы осы терминдерге берілген анықтамаларды салыстыра отырып бір – біріне қарама – қарсы да анықтамаларды кездестіруге болады. Мысалы, Д. Клустер “Что такое критическое мышление?” (Mirseitova, Irgebaeva, 2006: 105) деген еңбегінде шығармашылық ойлауды сын тұрғысынан ойлауға жатқызбаса, Д.Халперен өзінің “Психология критического мышления” (Halperen, 2000: 120) атты еңбегінде “сын тұрғысынан ойлау – шығармашылық ойлау” деп келтіреді. Сонымен қатар, Д.Халперен “Шығармашылықты сезімталдықпен, интуициямен және **синергиямен** сипаттауға болады” (Halperen, 2000: 150) дейді. Біз шығармашылықты сезімталдықпен және интуициямен сипаттауға болатындығына ешқандай күмәніміз жоқ. Себебі, шығармашылық –

ақын-жазушылар мен өнер адамрына тән қасиет. Ал, синергия шығармашылықтан гөрі сын тұрғысынан ойлауға келеді деген пікір айтқымыз келеді. Синергия – бір – біріне қатысы жоқ екі саладан (нәрседен) жаңаны ойлап шығару. Бұған мысалы ретінде, Иоганн Гутенберттің баспа білдегін (печатный станок) бұрыннан белгілі бірақ, бір – біріне ешқандай қатыс жоқ жүзім сыққышы мен тиын шақасына арналған қалыпты біріктіру нәтижесінде ойлап тапқанын келтіруге болады. Гутенберг қалыпты сыққыштың (пресс) астына қойып қағазға әріптерді басып шығаруды ойлап тапты. Міне осы қарапайым әрі өзіндік идея баспа білдектерінің (станок) дүниеге келуіне себеп болды.

Сонымен қатар, үш айлық деңгейлік курстарға арналған нұсқаулықта (Nazarbaev intellektualnaya shkola, 2012: 7) сын тұрғысынан ойлауды “Ойлау туралы ойлау” деп сипаттаған. Бұл жерде екі мәселе бар. Біріншісі, бірінші ойлау мен екінші ойлаудың айырмашылығы неде? Бірінші ойлауды табиғаттағы құбылыстар мен айналамыздағы процестер немесе ғалымдардың ілгеріректе тәжірибелер жасау немесе табиғи құбылыстарды зерттеудің нәтижесінде шығарған анықтамалары, заңдылықтары, теориялары, ойшылдардың қанатты сөздері т.с.с. деп қарастыруға болады. Сонымен қатар, бірінші ойлау – шешімі табылмаған немесе табылса да күмән туғызатын проблема. Ал, екіншісі біреудің ертеректе құрған білімін (теориялар, анықтамалар, құбылыстар т.с.с.) меңгере және оған сүйене отырып, жаңа білім құру үшін қажетті – өзіндік ойлау. Бұл жерде бірінші ойлауға жоғарыда келтірілген бұрыннан белгілі жүзім сыққышы мен тиын шақасына арналған қалыпты, ал екінші ойлауға Гутенберг ойлап тапқан баспа білдектерін де келтіруге болады. Екінші мәселе, А.Эйнштейннің “Те важные проблемы, с которыми мы сталкиваемся, не могут быть решены на том же уровне мышления, на котором мы находились, когда их создавали” деген фразасын есекре отырып, “Ойлау туралы ойлау” дағы екінші ойлаудың танымдық деңгейі алғашқы ойлаудан әлде қайда жоғары деген пікір де айтуға болады. Көпшілік жағдайда проблеманың шешімін табу үшін, кейде біздің білмейтіндеріміз емес, білетіндеріміз кедергі жасайды, себебі білетін мәселелер бізге түпкілікті шешілген деп қалыптасып қалған. Ал оны өзгертуге адам барлық уақытта бейім де, дайын да емес. Қалыптасқан әдет бойынша жіберетін үлкен қателігіміз, проблеманың бірінші шешіміне тоқталып қалатынымыздықта, соның нәтижесінде басқа альтернативті шешімді іздемейміз. Сондықтан, сын тұрғысынан ойлауда біздің білетінімізге қарағанда білмейтініміз яғни екінші ойлау әлдеқайда маңызды және шешуші рөл атқарады. Проблемаларды шешуде, сын тұрғысынан ойлау - бұрынғы қатып қалған көзқарастардан бас тартып жаңа идеяларды ұсыну арқылы жаңа мүмкіндіктерді көруге апаратын ойлау. Мысалы ретінде, мектеп оқулықтарында кездесетін мына ең қарапайым мысалды қарастырайық. Грек оқымыстысы Аристотель бойынша денені қозғалысқа келтіру үшін немесе денені барлық уақытта қозғалыста ұстап тұру үшін оған үнемі күш жұмсау қажет. Грек оқымыстысының 2000 жылдай үстемдік еткен осы тұжырымына 16 ғасырдың аяғында күмәнмен қараған Галилей, егжей – тегжейлі талдаулар жүргізіп және күрделі ой – толғау елегінен өткізу арқылы денеге сырттан күш әсер етпесе, онда ол барлық уақытта бірқалыпты қозғалыста болады. Яғни сыртқы күш дене қозғалысын тежейді. Бір қарағанда бір – біріне қарама – қарсы пікір және біз екі

атақты ғалымның біреуі қателесті деп те айта алмаймыз. Мәселе дененің бір мезгілде тыныштық күйде де, бірқалыпты қозғалыста да бола алатындығында. Аристотель идеясының ұзақ уақыт үстемдік құруының себебі, дененің жаратылған (табиғи) күйіне деген көзқарасының біржолата әрі түпкілікті шешілген болып қарастырылуында. Осы көзқарас оның ары қарай дамуына мүмкіндік бермеді.

Біз, сын тұрғысынан ойлауға бисоциативті ойлауды да жатқызғымыз келеді. Сонымен қатар, ойлаудың бисоциативті түрін сын тұрғысынан ойлаудың танымдылығы жағынан ең күрделі және жоғары дегейіне жатады деп ойлаймыз. Бисоциативті ойлау – бірқарағанда келіспейтін, үйлеспейтін көқарастарды (несовместимый) біріктіру арқылы жаңа идеялар алу. Бисоциативті ойлау нәтижелеріне атомның (+) және (-) зарядтардан тұратын құрылысын түсіндіретін Бор постулаттарын, электронның дуалистік қасиеттерін сипаттайтын Гюйгенц принциптері мен Ньютонның корпускулалық теорияларын келтіруге болады. Синергия мен ойлаудың бисоциативті түрі проблемаларды шешуде жаңа идеялар мен жаңа мүмкіндіктерді көруге елеулі ықпал жасай отырып, өмірге ғылымның (физхимия, биофизика т.с.с.) немесе өндірістің қолданыста болатын жаңа бағыттарын әкелуі мүмкін. Сын тұрғысынан ойлаудың шығармашылық ойлаудан және рефлексиядан тағы бір айырмашылығы келіп түскен ақпараттарға немесе бұрыннан мәлім және қалыптасып қалған теориялар мен идеяларға күмәнмен қарайды.

Сонымен қатар, шет тілдері сөздігінде «критический» деген сөз екі мағананы береді: а) сынау, сыни қарау. б) қиын қыстау (кризис) (Slovar inostrannyih slov, 1986: 24; Filosofskiy entsiklopedichesiy slovar, 1983: 147). Бірінші анықтамадағы “сынау, сыни қарау т.с.с сыни пікір” бағалау компоненттері деп қарастыруға болады. Америка философы, әрі педагогі Д.Дьюи сын тұрғысынан ойлау оқушылар тек нақты бір мәселемен айналысқанда ғана пайда болады деп есептейді. Дьюидің айтуы бойынша мәселелерге ерекше көңіл аудару оқушылардың табиғи әуесқойлығын оятып, оларды сын тұрғысынан ойлауға итермелейді. “Нақты бір мәселені қарастырып, **қиын жағдайдан** шығудың жолын өзінше іздеу арқылы оқушы шын мәнінде ойланады” (Mirseitova, Irgebaeva, 2006: 74). Эдвард де Боне “сын тұрғысынан ойлаудың негізгі ерекшелігі – уақыттың қыспаққа алуы” деп көрсетеді. Біздің бұған қосарымыз сын тұрғысынан ойлауға санадағы түсініктің қарам – қайшылығы әсер ететіні сөзсіз. Сын тұрғысынан ойлауға дағдыланған адамның ойы барлық уақытта таласпен, қарсы пікір айтумен қатар жүреді.

Біз енді рефлексияны қалай түсінетінізге және қалай қолданатынымызға тоқталайық. Шет тілдері сөздігінде рефлексияны (лат.reflexio бейнелеу) – өзінің алғышарттарының мәнін түсіну (осмысление) мен негіздеуге бағытталған, сананың өзіне қаратылуын талап ететін философиялық ойлаудың принципі, басқаша – ойлаудың толғануы (размышление) деп те айтуға болады. Ал, деңгейлік курстарға арналған глоссариде рефлексияны “субъектінің назарын өзіне, атап айтқанда, оларды қайта ойлап, қорыту мақсатында өз белсенділігінің өніміне аударуы. Философияда **рефлексия** былай деп түсіндіріледі: 1) Сананың және ойлаудың өзіне жүгіне алу қабілеті. 2) Жаңа білім алу мақсатында білімді

талдау. 3) Сана мен жанның күйін өзіндік бақылау. Педагогикада **рефлексия** сабақтың бір кезеңі ретінде қарастырылады. Ол кезде сабақ барысында алынған білім сыни тұрғыдан талданып, меңгерілген біліммен салыстырылып, өзіндік түсінік пайда болады” деп түсіндіріледі. Бұдан да басқа әдебиеттерде (Karpenko L.A., 1985: 14; Rubinshteyn, 1985: 58) берілген анықтамаларға сүйене отырып рефлексияны “өз тәжірибесін жетілдіру мақсатында өзіндік ойтолғауы”. Жоғарыда келтіргендей мұндай жағдайда әріптестерінің де сыни пікірі құнды болуы мүмкін.

Рефлексияның тағы бір ерекшелігі қандай да бір анализ жасап болғаннан кейін, жұмысты одан жақсарту үшін, жұмста жіберілген кемшіліктерді ескере отырып оларды жою үшін тағы да жоспар жасалынады. Сонымен қатар, рефлексия тренерлерге/оқушыларға өзін – өзі бағалау рәсәмін қалыптастыруда ерекше рол атқарады. СТО да бұл әрекет жасалынбайды.

Қорыта айтқанда, сын тұрғысынан ойлау да рефлексия да, шығармашылық ойлау да даму үшін, ілгерілеу үшін жасалынатын өзіндік ойтолғау. Сонымен қатар рефлексия сын тұрғысынан ойлау мен шығармашылық ойлау дағдыларының дамуына белсенді түре мүмкіндік жасайды. Біз, осы үш түрлі ойлаудың айырмашылықтарына терең үңілген сайын бұл ойлардың бір – бірімен тереңнен астарласып жатқанынын және түбі бір – “ойлау” екендігіне тағы да көзіміз жетті.

ADEBIETTER

Filosofskiy entsiklopedichesiy slovar, (1983), Moskva: Sovet Entsiklopediya.

HALPEREN D., (2000), Psihologiya kriticheskogo myishleniya, Izdatelstvo: Piter.

KARPENKO L.A., (1985), Kratkiy psihologicheskiy slovar, Moskva: Politizdat.

MADEEV S.M., Tuyebaev M.K., (2013), Kriticheskoe myishleniya i protivorechie - klyuya razvitiya, III Mejdunarodnyiy nauchno-issledovatel'skaya konferentsiya, Astana.

MIRSEITOVA S., Irgebaeva A., (2006), Filosofiya i metody deystviya RWCT, Almaty.

Nazarbaev intellektualnaya shkola, (2012), Uchitelskaya metodicheskaya uchebnik. Trete izdaniya. Astana.

RUBINSHTEYN S.L., (1985), O myishlenii i putyah ego issledovaniya, Moskva: AN SSSR.

Slovar inostrannyih slov, (1986), Moskva.

TUYEBAEV M.K., (2015), Kriticheskoe myishleniye i refleksiya: shojestvo i osobennosti, «Aktualnyie voprosyi vsemirnoy istorii» mejdunarodnaya nauchno-prakticheskaya konferentsiya, Turkestan.